

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынудың, оларды тапсырудың, есепке алудың және сақтаудың тәртібі жөніндегі нұсқауларды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 1 ақпан N 1538. күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.01.23. N 2795 жарлығымен. ~U962795

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның қабылдануына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі жөніндегі нұсқау;

Көп балалы аналарды "Алтын алқамен" және "Күміс алқамен" наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқау;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары мен олар жөніндегі құжаттарды есепке алу және сақтау туралы нұсқау;

"Халық қаһарманы" атағы кітапшасының, орден кітапшаларының және медальдарға арналған куәліктердің үлгілері бекітілсін.

2. "Қазақ ССР-інің мемлекеттік наградалары жөніндегі ережені бекіту туралы және наградталғандарға Қазақ ССР Құрмет грамотасының, Қазақ ССР-інің құрметті атақтарының омырауға тағатын белгілері мен олардың берілгендігі туралы куәліктердің жоғалып қалғандарының орнына дубликаттар беру тәртібі туралы

және жарамсыз күйге келген наградаларды ауыстыру туралы нұсқау" жөніндегі 1990 жылғы 15 тамыздағы N 35 Жарлықтың күші жойылды деп табылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы. 1994 жылғы 1 ақпан  
N 1538

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен

наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың  
тәртібі жөніндегі  
Нұсқау

I. Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
наградларымен наградтауға ұсынудың тәртібі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсыну "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Награданың түрі наградтауға ұсынылушы еңбегінің сипаты мен дәрежесі және жоғары ерекшелік белгісі - "Халық қаһарманы" атағының, ордендердің, медальдардың, құрметті атақтар мен Қазақстан Республикасы Құрмет грамотасының мәртебесі ескеріле отырып белгіленеді.

2. Мемлекеттік наградалармен наградтау жөніндегі ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің атына Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің басшылығы, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, шығармашылық одақтар, қоғамдық бірлестіктер, басқа да республикалық органдар мен ұйымдар, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдары жасайды.

Наградтауға лайықтыларды еңбек ұжымдары қарап ұсынады және бұл жөнінде награда қағазында жазып көрсетеді.

Наградтауға лайықтыларды министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, шығармашылық одақтар, басқа да органдар, бірлестіктер мен ұйымдар тікелей ұсынуы да мүмкін.

3. Награданың бір түріне екінші рет ұсынуға жол берілмейді.

Кезекті наградаға осыдан бұрынғы наградтаудан кейін кемінде бес жыл өткен соң ғана ұсынуға болады. Бірақ көп балалы аналарды наградтауда, қаһармандық ерлік жасауға, төтенше жағдайларға байланысты ерекше сәттерде бесжылдық мерзім талабы қойылмайды.

Мемлекеттік наградалар азамат қайтыс болғаннан кейін де берілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік наградаға ұсынылғандардың әрқайсысына белгіленген үлгідегі награда қағазы толтырылады (нысаны қоса тіркеліп отыр).

Награда қағазында наградталушының жеке басын, оның өз саласындағы және осы ұжымдағы жұмыс мерзімін, нақты еңбегін, жұмысының тиімділігі мен сапасын сипаттайтын деректер баяндалады; өндірісте еңбек ететіндерге -

жұмысының негізгі нәтижелері, сондай-ақ оған берілуі мүмкін награда көрсетіледі.

Награда қағазына кәсіпорын, бірлестік, мекеме, ұйым басшысы мен еңбек ұжымды жиналысының төрағасы қол қояды.

Бірінші басшының награда қағазына еңбек ұжымы жиналысының төрағасы мен жоғары тұрған органның басшылығы қол қояды.

Награда қағазы сол қол қойған басшылардың кәсіпорындарының, бірлестіктерінің, мекемелерінің, ұйымдарының мөрімен дәйектеледі.

Награда қағазы машинкамен бір дана етіп бастырылады, онда барлық графалар дәл әрі етіп толтырылуы тиіс.

Награда қағазымен бірге ұсынылған адамдардың екі фотосуреті жіберіледі:

- "Халық қаһарманы" атағын беру үшін 3X4 және 4X5 көлемді;
- құрметті атақтар беру үшін 3X4 көлемді суреттер қажет. Фотосуреттердің сыртқы бетіне иесінің фамилиясы мен аты-жөні жазылуы тиіс.

Дұрыс толтырылмаған награда материалдары қарауға қабылданбайды.

Ғалымдардың, ғылым мен техника қайраткерлерінің қатарынан мемлекеттік наградаға ұсынылған адамдардың награда құжаттарына ғылыми еңбектерінің тізімі тіркеледі; өнертапқыштар үшін өндіріске енгізілген өнертабыстардың экономикалық тиімділігі көрсетілген тізімі, өнертабыс жөніндегі авторлық куәліктердің фотокошірмелері немесе нотариалдық кеңселер бекіткен көшірмелері тіркеледі.

5. Награда қағазы мен еңбек ұжымының наградтау жөніндегі ұсынысы бағыныстылығына қарай тиісті аудандық, қалалық, облыстық өкілді органдарға немесе министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға, шығармашылық одақтарға, қоғамдық ұйымдарға, әскери ведомстволар мен басқа органдарға жіберіледі, олар келген материалдарды қарап, жоғары тұрған органдарға ұсыныстар дайындайды.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің атына ұсыныстарды мыналар жасайды:

- облыстық бағыныстағы кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелердің, ұйымдардың қызметкерлеріне облыстық өкілді органдар;

- республикалық бағыныстағы кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелердің, ұйымдардың қызметкерлеріне - министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, шығармашылық одақтар, қоғамдық ұйымдар, басқа да республикалық органдар;

- министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, республикалық басқарудың басқа да органдарының бірінші басшыларына, сондай-ақ облыстардың әкімдері мен облыстық өкілді органның басшысына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетінің

басшылығы.

Ескерту. Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдары наградтау туралы ұсыныспен Қазақстан Республикасы Президентінің атына тікелей шығады.

Ұсыныстарда қызметкерлерді наградтау туралы ұсыныстар дәлелденіп, қол жеткізген табыстары қысқаша баяндалады.

7. Қорғаныс министрлігінің, Ұлт қауіпсіздігі комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Республикалық гвардияның, Қазақстан Республикасының Президентін күзету қызметінің әскери қызметшілерін, жұмысшылары мен қызметкерлерін наградтау туралы ұсыныс тәртібі осы органдардың басшылары белгілейді.

8. Қазақстан Республикасының шет елдерде жұмыс істейтін азаматтарын, сондай-ақ шетел азаматтарын және шет елдерде тұратын азаматтығы жоқ адамдарды наградтау туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі немесе республиканың Сыртқы істер министрлігімен келісе отырып басқа да министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, қоғамдық ұйымдардың органдары жасайды.

9. Республика территориясында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды наградтау туралы ұсыныстар жалпы негізде жасалады.

10. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелердің, ұйымдардың ұжымдарын наградтау туралы ұсыныстарды жоғары тұрған органдар, ал әскери бөлімдердің ұжымдарын - жоғары тұрған әскери қолбасшылық қозғайды.

Ұсыныста наградаға ұсынған ұжымның көп жылғы табыстары мен жетістіктері дәлелденіп баяндалады.

11. Қайсыбір орган наградтау туралы ұсынысты құптамаған жағдайда, оның өкілі мұндай шешімнің себептері туралы еңбек ұжымына ауызша немесе жазбаша түрде түсінік береді.

12. Наградтау мәселесін алдын ала қарап, ол жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия жұмыс істейді.

Наградтау жөніндегі ұсыныстарды Комиссияның қарау нәтижелері

кандидатураны ұсынған органға хабарланады.

Комиссияның азаматтарды наградтау немесе наградтамау жөніндегі шешіміне байланысты арыздар мен өтініштер қаралмайды және олар авторларға қайтарылмайды.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік наградалармен наградтау жөніндегі Жарлықтары "Актілер жинағында", республикалық және жергілікті баспасөзде жарияланып, теледидар мен радио арқылы беріледі.

## II. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын тапсырудың тәртібі

14. Мемлекеттік наградаларды тапсыру салтанатты әрі кең жариялылық жағдайында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және соның тапсыруымен мемлекеттік наградаларды сондай-ақ мыналар да табыс ете алады:

- Қазақстан Республикасының Вице-президенті;
- облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді және атқарушы органдарының басшылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің осыған өкілдік берген адамдары.

15. Наградалар Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді және атқару органдарында, еңбек ұжымдарының жиналыстарында, сондай-ақ әскери бөлімдер мен бөлімшелерде тапсырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы наградталушының өзіне тапсырылады. Награда тапсырылар алдында наградталғандығы жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы жария етіледі.

16. Наградталушының әрқайсысына мемлекеттік награда табыс етілген кезде наградталғандығы жөніндегі мынадай құжаттар да беріледі:

- "Халық қаһарманы" атағы берілген адамға - "Халық қаһарманының" кітапшасы мен көлікті тегін пайдалану құқығын беретін құжаттар;
- орденмен наградталған адамға - орден кітапшасы;
- медальмен наградталған адамға - медальдің куәлігі;
- құрметті атақ берілген адамға - құрметті атақтың куәлігі.

17. "Халық қаһарманының" кітапшасы, орден кітапшалары, медальдар мен құрметті атақтардың куәліктері, грамоталар Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратында толтырылады.

Наградталғандығы жөніндегі құжаттар мерзімсіз болып табылады.

Наградталғандығы жөніндегі құжатқа ешқандай түзету енгізуге болмайды. Наградталушының фамилиясы, аты, әкесінің аты өзгеруіне байланысты наградталғандығы жөніндегі құжат айырбасталмайды.

"Халық қаһарманының" кітапшасына, құрметті атақтардың куәліктеріне наградталушылардың фотосуреттері жапсырылып, мөр басылады.

Көлікті тегін пайдалану құқығын беретін құжаттарға мыналар жатады:

- "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға Қазақстан Республикасының шегінде темір жол көлігімен - жүрдек және жолаушылар поездарының жұмсақ вагондарында, су, әуе немесе қалааралық автомобиль көлігімен жылына бір рет (бару және қайту жолы) жеке өзінің тегін жүру құқығын беретін талондар кітапшасы беріледі;

- "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар мен "Алтын алқамен" және "Күміс алқамен" наградталған көп балалы аналарға қаланың ішкі көлігінде және қала маңына жүретін көлікте (таксиден басқасы), ал ауылдық жерлерде - ауданның ішкі желісіндегі автобустарда жеке өзінің тегін жүруіне құқық беретін жолақы билеті беріледі.

Талондар кітапшасы 5 жылдық мерзімге беріледі. Оларды одан әрі беруді Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдары арқылы жүзеге асырады.

Жолақы билеті мерзімсіз құжат болып табылады.

Жолақы билетіне наградталушының фотосуреті жапсырылып, мөрмен куәландырылады.

Көлікті тегін пайдалану құқын беретін құжаттар жоғалған жағдайда қалпына келтірілмейді.

Ескерту. Қаланың ішкі көлігінде және қала маңына жүретін көлікте (таксиден басқасы), ал ауылдық жерлерде ауданның ішкі желісіндегі автобустарда жеке өзінің тегін жүруіне құқық беретін жолақы билеті сондай-ақ бұрын "Ардақты ана" атағына ие болған және I, II, III дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен, I дәрежелі "Ана медалі" медалімен наградталған көп балалы аналарға да беріледі.

18. Мемлекеттік награда табыс етілгенге дейін наградталушының әрқайсысына есеп карточкасы ашылады.

Наградталушының есеп карточкасы (N 1 нысан) оның жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде награда тапсырылатын жерде (жазу машинкасымен) толтырылады.

Есеп карточкасына наградталушының өзінің қолы қойылып, осыны толтырған адамның қолымен куәландырылады және мөрмен бекітіледі. Есеп карточкасы толтырылғаннан кейін наградау жөніндегі Жарлықпен немесе содан алынған көшірмемен мұқият салыстырылады.

Наградталушының фамилиясын, атын, әкесінің атын жазуда әріп сәйкессіздігі

байқалған жағдайда түзету актісі (N 4 нысан) жасалып, жергілікті өкілді орган жетекшісінің қолы қойылып, тапсыру хаттамасына тіркеледі.

19. Мемлекеттік награда тапсырылып болған соң тапсыру хаттамасы (N 2 нысан) толтырылып, оған тапсырған кісінің қолы қойылады және тапсырған органның мөрі басылады.

Наградталушы қайтыс болып, мемлекеттік награда тірі кезінде табыс етілмеген жағдайда немесе ол қайтыс болғаннан кейін наградалса, награда мен оның құжаттары естелік ретінде сақтау үшін наградалушының отбасына беріледі. Бұл жөнінде хаттама толтырылып (N 3 нысан), ол Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жіберіледі.

Егер наградалушы сырқаттығына, мүгедектігіне байланысты тапсыруға келе алмаған жағдайда оған награда үйінде немесе наградалушы емделіп жатқан мекемеде табыс етілуі мүмкін.

Наградталушы мекен-жайын өзгерткен жағдайда (облыстан, республикадан тысқары жерге көшіп кетсе) жергілікті жерде награда тапсырудың мүмкіндігі болмаған наградалушылардың тізімі жасалып (N 5 нысан), Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жіберіледі.

20. Мемлекеттік наградаларды жергілікті жерде тапсыруды ұйымдастыру мен өткізу жауапкершілігі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдарына жүктеледі.

Мемлекеттік наградалардың тапсырылғандығы жөніндегі есептер есеп карточкаларымен (N 1 нысан), тапсыру хаттамаларымен және түзету актілерімен бірге (бірінші даналары) бір айдың көлемінде Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына жөнелтіліп отырылады.

\* \* \*

21. Қазақстан Республикасының ордендерін, медальдарын және басқа да ерекшелік белгілерін тағып жүрудің тәртібі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның 28 және 29 баптарының ережелерімен реттеледі.

Наградталушыда бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдары бар болған жағдайда Қазақстан Республикасының ордендері КСРО-ның ордендерінен кейін, медальдары КСРО-ның медальдарынан кейін орналастырылады.

Шет елдердің ордендері, медальдары, басқа ерекшелік белгілері кеуденің сол жағына КСРО мен Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдарынан төменгі екінші қатарға тағылады.

22. Наградаға құқын қалпына келтіру қажет болған жағдайда бұл мәселе награда туралы ұсыныс беруге құқылы органдардың ұсыныс бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік наградалар мен оларға арналған құжаттардың дубликаттарын беру тәртібі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Заңның 35-бабы ережелерімен реттеледі. Қажет болған жағдайда наградталушы жоғалғанының орнына дубликат беру жөнінде жергілікті өкілді органға өтініш жазуына болады. Өтінішке наградталғандығы жөніндегі құжат, оған қоса мемлекеттік органның немесе мекеменің награданың жоғалу жағдайын түсіндіретін құжаты тіркеледі, жергілікті өкілді орган өтінішті қараған соң, өзінің шешімін, наградталушының өтініші мен оған тіркелген құжаттарды қарап, Мемлекеттік награда жөніндегі комиссияға ұсыныс беру үшін облыстық өкілдік органға жібереді.

Наградталғандығы жөніндегі құжаттың дубликаты қолданылып жүрген бланкіге толтырылып, оған "дубликат" деген сөз жазылады.

23. Жарамсыз күйге түскен мемлекеттік наградалар мен наградталу жөніндегі құжаттар тек айрықша жағдайларда ғана Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссияның шешімімен айырбасталуы мүмкін. Ол үшін Комиссияның атына наградталушының өтініші, жергілікті өкілді органның ұсынысы және бүлінген награда мен ол жөніндегі құжат қоса жіберілуі керек.

Үлгі

Қазақстан Республикасы

\_\_\_\_\_

облысы

Награда қағазы

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Мамандығы, қызметі, жұмыс пен қызмет орны (цехтың, бөлімнің, кәсіпорынның басқа бөлімшесінің, бірлестіктің, мекеменің, ұйымның, министрліктің, мемлекеттік комитеттің, ведомствоның аты да көрсетілсін) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

3. Жынысы \_\_\_\_\_ 4. Туған жылы мен мекен-жайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

5. Ұлты \_\_\_\_\_



6. Білімі \_\_\_\_\_

7. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, арнайы шені \_\_\_\_\_

8. Қазақстан Республикасының қандай мемлекеттік наградаларымен  
наградталған және наградалған мерзімі \_\_\_\_\_

9. Үйінің адресі: \_\_\_\_\_

10. Жалпы жұмыс мерзімі \_\_\_\_\_ Осы саладағы жұмыс мерзімі \_\_\_\_\_

Осы ұжымдағы жұмыс мерзімі \_\_\_\_\_

11. Наградталушының айрықша еңбегін сипаттайтын мінездеме.

\_\_\_\_\_ туралы ұсыныс мынау еңбек ұжымының  
жиналысында талқыланып, ұсынылды \_\_\_\_\_  
(кәсіпорынның, бірлестіктің, мекеменің,

\_\_\_\_\_ ұйымның аты, талқылау болған уақыт, хаттаманың нөмірі)

Мына наградаға ұсынылады \_\_\_\_\_  
(награданың аты)

Кәсіпорынның, бірлестіктің,  
мекеменің, ұйымның  
жетекшісі

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ә.)

Еңбек ұжымы жиналысының  
төрағасы

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ә.)

М.О. 199 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(толтырылған уақыты)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Ф.А.Ә.)

199 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Ескерту. Мемлекеттік наградаларға ұсыну тәртібі туралы нұсқаудың төртінші пунктiне сәйкес, бiрiншi басшының награда қағазына жоғарғы органның басшылығы қол қояды.

### № 1 Нысан

(жазу машинкасымен түзетусіз толтырылады)

\_\_\_\_\_  
(награда тапсырылған мерзім)

\_\_\_\_\_  
(тапсыру орны - облысы, қаласы, ауданы)

### Наградталушының есеп карточкасы

1. Фамилиясы \_\_\_\_\_

2. Аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

3. Ұлты \_\_\_\_\_ 4. Жынысы \_\_\_\_\_

5. Туған жылы \_\_\_\_\_ 6. Туған жері \_\_\_\_\_

7. Білімі: жоғары, аяқталмаған жоғары, арнаулы орта, орта, бастауыш  
(керектісінің асты сызылсын)

8. Қызметі, мамандығы, әскери шені (әскери қызметшілер үшін),  
наградтау сәтіндегі жұмысы мен қызмет орны

9. Наградталушының мекен-жайы \_\_\_\_\_

№ 1 нысан  
(екінші беті)

10. Награда тапсырылды:

Награданың түрі: ! Орденнің, ! "Халық қаһарманы" ! Наградтау жөні  
(Алтын жұлдыз, ! медальдің, ! кітапшасының, орден! ндегі Жарлықтың  
орден, медаль, ! омырауға ! кітапшасының, медаль! шыққан күні  
құрметті атақ, ! тағатын ! куәлігінің, омырауға! мен нөмірі  
Құрмет грамотасы)! белгінің ! тағатын белгінің, !

! нөмірі ! жолақы билетінің !

! ! нөмірі !

---

Наградталушының қолы \_\_\_\_\_

Мәліметтердің дұрыстығын және наградталушының

қолын растаймын \_\_\_\_\_

---

(қызметі)

---

(қолы)

М.О. 199 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

11. Қосымша деректер \_\_\_\_\_

---

---

---

---

№ 2 Нысан

Қазақстан Республикасы

---

облысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларын  
тапсырудың  
ХАТТАМАСЫ

---

тапсырылған орны

тапсырылған күні

Мен, \_\_\_\_\_  
тапсырушының қызметі, фамилиясы мен аты-жөні

---

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан наградталғандарға  
мемлекеттік наградаларды тапсырдым:

Қазақстан Республикасы Президентінің  
\_\_\_\_\_ Жарлығы  
бойынша

награданың түрі

---

Ф.А.Ә. (Жарлық бойынша)

қызметі (Жарлық бойынша)

М.О.

---

тапсырушының қолы

№ 3 Нысан

Қазақстан Республикасы

---

облысы

Қайтыс болған наградталушының отбасына мемлекеттік  
награданы табыс етудің (қайтыс болғаннан кейін)

**ХАТТАМАСЫ**

---

тапсырылған күні

Мен \_\_\_\_\_

табыс етушінің қызметі, фамилиясы мен аты-жөні

Қазақстан Республикасы Президентінің 199\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Жарлығы бойынша наградталған марқұм (қайтыс

болғаннан кейін) \_\_\_\_\_

наградталушының фамилиясы мен аты, әкесінің аты

---

награданың түрі, құжаты

---

оның \_\_\_\_\_

еріне, әйеліне, баласына, қызына, қамқоршысына, әкесіне

---

анасына, ағасына, інісіне, әпкесіне, қарындасына

\_\_\_\_\_ табыс еттім.

фамилиясы, аты, әкесінің аты

М.О.

---

тапсырушының қолы

№ 4 Нысан

Қазақстан Республикасы

---

облысы

Наградталушылардың фамилияларына, аттары мен  
әкесінің аттарына түзетулер енгізу жөніндегі  
АКТИ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларын тапсыруға  
әзірлену кезінде мынадай сәйкессіздіктер анықталды:

Қазақстан Республикасы

Президентінің \_\_\_\_\_

Жарлығы

награданың түрі

Былай басылған:

Каронов Семен

Михайлович -

машина жасау зауыдының

токарі

Былай болуы тиіс:

Каранов Семен

Михайлович -

машина жасау зауыдының

токарі

---

Жергілікті мәслихаттың - депутаттар

жиналысының хатшысы

№ 5 Нысан

Қазақстан Республикасы

---

облысы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен  
наградталып, бірақ мемлекеттік наградаларды тапсырудың  
мүмкіндігі болмаған адамдардың  
ТІЗІМІ

---

NN р/н ! Наградта ! Жарлықтың шық ! Награданың ! Тапсырылмау  
! лушының ! қан күні мен ! түрі ! себептері  
! Ф.А.О. ! нөмірі ! ! және  
! ! ! ! мекен-жайы

---

көшіп кеткен  
(адрес)

қайтыс болған (туысқандары  
жоқ)

Шетелге іссапарға кеткен



(іссапардан келетін кезі)

әскери қызметке шақырылған

-----  
Наградталушылардың тізімінде аты аталғандарын (шет елде  
іссапардағылардан басқаларын) \_\_\_\_\_  
облысының есебінен шығаруды сұраймыз.

Облыстық мәслихаттың -  
депутаттар жиналысының хатшысы

Көп балалы аналарды "Алтын алқамен" және "Күміс алқамен"  
наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы  
Нұсқау

Көп балалы аналарды мемлекеттік наградаларға  
ұсыну

1. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
наградлары туралы" Заңына сәйкес "Алтын алқамен" сегіз және одан да көп  
бала туып, тәрбиелеген аналар сегізінші баласы бір жасқа толғанда және басқа  
балалары аман-сау өсіп жатқан жағдайда наградталады.

"Күміс алқамен" алты және жеті бала туып, тәрбиелеген аналар алтыншы

баласы бір жасқа толғанда және басқа балалары аман-сау өсіп жатқан жағдайда наградталады.

Ананы наградтағанда сондай-ақ мына балалар да ескеріледі:

- ананың заңды түрде асырап алғандары;

- Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғау кезінде немесе өзге де қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқандар немесе хабар-ошарсыз кеткендер, дүлей апат кезінде немесе адам өмірі мен материалдық игіліктерді сақтап қалу жөніндегі, қылмысқа қарсы күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі азаматтық борышын өтеу кезінде қаза тапқандар, сондай-ақ жоғарыда аталған жағдайларда алынған жарақаттың, зақымның немесе аурудың салдарынан, не еңбекте зақым алудың немесе кәсіптік аурудың салдарынан қайтыс болғандар.

2. Көп балалы аналарды наградтауға ұсынысты Қазақстан Республикасының Президентіне облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдарының басшылары жасайды.

Тиісті наградаға ұсынылған анаға бекітілген үлгідегі награда қағазы толтырылады (N 1 нысан).

Награда қағаздарын мына тәртіппен: жұмыс істейтін аналарға - жұмыс орындары; жұмыс істемейтіндерге - ерінің жұмыс орны; еңбек ұжымынан тысқары жерде жұмыс істейтін отбасылар мен жұмыс істемейтін жалғызбасты аналарға - жергілікті өкілді органдар толтырып, қолдарын қойып, мөрмен бекітеді.

3. Көп балалы аналарды мемлекеттік наградаларға ұсынғанда награда қағазында осы аналардың отбасына және балаларына қысқаша мінездеме беріледі.

Награда қағазы жазу машинкасымен ана мен балалардың өз құжаттарының негізінде толтырылады, ал дерексіз кеткен немесе осы Нұсқаудың 1 пунктінде көрсетілген жағдайларда қаза тапқан балалар үшін тиісті органдардың анықтамалары немесе соны дәлелдейтін басқа да құжаттар табыс етіледі.

Балалардың бар екендігін растайтын анықтамалар бір жылдың көлемінде жарамды болып есептеледі.

4. Наградталатын көп балалы аналарды есепке алу, ұсынылған құжаттарды тексеріп, наградтау туралы ұсыныстар дайындау жергілікті өкілді органдарға жүктеледі.

Аудандық және қалалық өкілді органдар көп балалы аналарды наградтау жөніндегі өзінің шешімін облыстық және Алматы қалалық өкілді органдарға жібереді.

5. Наградтауға ұсынылған көп балалы аналардың материалдарының уақтылы дайындалып толтырылуына, олардың есепке алынуы жағдайына бақылау жасау

облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдарына жүктеледі.

6. Көп балалы аналарды наградтау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары жергілікті баспасөзде жарияланады.

Көп балалы аналарға наградаларды тапсыру

7. Көп балалы аналарға наградалар тапсыру Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және соның тапсыруымен салтанатты әрі жариялылық жағдайында жүргізіледі.

Награда наградталған ананың өзіне тапсырылады. Награданы тапсыруды өкілді орган награданы алған күннен бастап бір айдың ішінде жүзеге асыруы тиіс

8. Наградаларды Президент немесе оның тапсыруымен Қазақстан Республикасының Вице-президенті, облыстық, қалалық және аудандық өкілді және атқарушы органдардың басшылары тапсырады.

Көп балалы анаға наградамен бірге орден кітапшасы мен жол жүру билеті табыс етіледі.

9. "Алтын алқаның" орден кітапшасы Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратында, ал "Күміс алқаның" орден кітапшасы - награда тапсырылатын орында толтырылады.

10. Награда тапсырғанда хаттама толтырылып (N 2 нысан), оған тапсырған адамның қолы қойылады және тиісті өкілді органның елтаңбасы бар мөрімен бекітіледі.

Қалалық, аудандық өкілді органдар наградалар тапсыру хаттамасының екі данасын наградталушының есеп карточкасы мен наградалардың тапсырылғандығы жөніндегі есепті қоса (N 3 нысан) облыстық және Алматы қалалық өкілді органдарына жібереді.

Бір тоқсан ішінде келіп түскен есептердің, сондай-ақ тапсыру хаттамаларының негізінде облыстық және Алматы қалалық өкілді органдарында наградалар мен оларға арналған құжаттардың тапсырылғандығы жөнінде жиынтық есеп жасалады және ол келесі айдың 10-нан кешіктірілмей Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Мемлекеттік наградалар бөліміне жөнелтіледі.

11. Жергілікті жерлерде награда тапсыруды ұйымдастыру

жауапкершілігі және оны бақылау облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдардың басшыларына жүктеледі.

12. Наградтауға қайта ұсыну орын алмауы үшін облыстық,

Алматы, Ленинск қалалық өкілді органдарына наградталған көп балалы аналардың бірыңғай - фамилиялық картотекасы ашылады.

13. Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық өкілді органдары әр жылғы 1 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппаратына көп балалы аналардың наградталуы және олардың тапсырылуы жөнінде жылдық есеп (N 4 нысан) жіберіп отырады.

### N 1 Нысан

\_\_\_\_\_

(облысы, қаласы, ауданы)

Мемлекеттік наградаға ұсынылған көп балалы  
анаға арналған  
Награда қағазы

1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

2. Туған жылы мен туған жері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. Ұлты \_\_\_\_\_

4. Кәсібі немесе қызметі және жұмыс орны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

5. Көп балалығы үшін бұрын қандай наградалармен  
наградталды \_\_\_\_\_

6. Ананың балалары жөніндегі мәліметтер:

-----

NN ! Фамилиясы ! Аты ! Әкесінің аты! Туған жылы ! Қазіргі жағдайы

! ! ! ! ! (балалар  
! ! ! ! ! бақшасында),  
! ! ! ! ! мектепте оқиды,  
! ! ! ! ! әскерде, т.б.)

-----

1

2

3

4

5

6

7  
8  
9  
10  
11

7. Соңғы баланың туған жылы мен айы \_\_\_\_\_

8. Ананың мекен-жайы \_\_\_\_\_

9. Ұсынылатын награданың түрі \_\_\_\_\_

Көп балалы ананың отбасы мен балаларына  
Қысқаша мінездеме

Кәсіпорын, бірлестік, мекеме,  
ұйым, жергілікті өкілді орган  
басшысының қолы (қатыстылығына қарай)

М.О.

Өкілді органның шешімі \_\_\_\_\_

М.О.

\_\_\_\_\_

(ауданның, қаланың)

\_\_\_\_\_

(қолы)

199 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

№ 2 Нысан

Көп балалы аналарға наградалар тапсырудың

Хаттамасы

\_\_\_\_\_

(тапсырылған күні)

Мен \_\_\_\_\_

(қызметі)

\_\_\_\_\_

(тапсырушының фамилиясы мен аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Президентінің атынан мына адамдарға  
наградалар тапсырдым:

\_\_\_\_\_

NN! Наградталушының ! Наградалардың ! Жарлықтың ! Алқаның және  
р/с! фамилиясы, аты ! аты ! шыққан күні! орден кітапшасы  
! және әкесінің аты! ! ! ның нөмірі

-----

1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

11

-----

Наградаларды тапсырушының қолы

М.О.

№ 3 нысан

Мемлекеттік наградалар мен олардың құжаттарын тапсыру

жөніндегі  
Есеп

199 \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
(тоқсан)

\_\_\_\_\_ ауданы, қаласы, облысы бойынша

-----  
Наградалардың ! Бұдан ! Кіріс ! Шығыс ! Барлық тапсы  
